

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 9 шілдедегі № 112 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 21 желтоқсандағы № 176 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабының 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 11-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 29 наурыздағы "Кеден одағының "Парфюмериялық-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 009/2011) өзгерістер енгізу туралы" № 32 шешімін ескере отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 9 шілдедегі ""Кеден одағының "Парфюмериялық-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 009/2011) өзгерістерді күшіне енгізу тәртібі туралы" № 112 шешімінің 1-тармағы мынадай мазмұндағы "б¹" тармақшасымен толықтырылсын:

"б¹") Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 80 шешімімен бекітілген Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ресімдеу қағидаларының 25¹-тармағында көзделген жағдайларда, осы тармақтың "б" тармақшасында көрсетілген құжаттарды ауыстыру кезінде мұндай құжаттар қоса алғанда 2023 жылғы 5 мамырға дейін жарамды болады;"

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді және 2020 жылғы 6 мамырдан бастап туындатын құқықтық қатынастарда қолданылады.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

М. Мясникович